

2025 жыл үшін «Қазаэронавигация» РМК бекітілген тарифтік сметасының орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есебі

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. 2026 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы құрамына Кәсіби дайындау орталығы мен Авиациялық медициналық орталық кіретін Орталық аппаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өңірлерінде тіркелген 19 филиалды қамтиды. Кәсіпорын жұмыскерлерінің орташа тізімдік саны 2025 жыл үшін 2 981 адамды құрады.

«Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық және транзиттік ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері табиғи монополиялар саласына жатқызылған.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиациялық қызмет туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кәсіпорын қызметін бақылау мен реттеуді өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жүзеге асырады.

1. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

«2021 - 2025 жылдар кезеңіне «Қазаэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша және халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ ауданында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 45 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 103 бұйрығына сәйкес 2025 жылға жоспарланған инвестициялар сомасы 2 000,08 млн. теңгені құрайды.

Инвестициялық бағдарламаның орындалуы 100% -ды немесе 2 000,08 млн. теңгені (1-қосымша) құрады.

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде мынадай іс-шаралар орындалды:

– Кәсіпорынның Қарағанды филиалының Жезқазған әуежайы үшін орнату және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, 1 001,18 млн. теңге мөлшеріндегі сомаға ӨЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу;

– Кәсіпорынның Петропавл филиалының Петропавл әуежайы үшін орнату және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қоса алғанда, 998,90 млн. теңге мөлшеріндегі сомаға ӨЖЖ жабдығының жиынтығын сатып алу;

Инвестиция көзі – Кәсіпорынның меншікті қаражаты.

2. Бекітілген тарифтік сметаны баптар бойынша орындау туралы

Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түсетін нақты кіріс 2025 жылы 5 062 млн. теңгені, оның ішінде аэронавигация қызметтерінен түсетін кіріс бойынша ӘК-де – 3 117 млн. теңгені және ӘА-да – 1 945 млн. теңгені құрады. Тарифтік сметалардың баптар бойынша орындалуы 2 және 3-қосымшаларда берілген.

2011 - 2025 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетудің реттеліп көрсетілетін қызметтері залалды болып табылады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша залал:

- ӘК-де (-8 210) млн. теңге;

- ӘА-да (-3 715) млн. теңге.

Бекітілген тарифтік сметаларда шығыстар Кәсіпорынның 2019 жылғы жоспарлы көрсеткіштері деңгейіндегі нақты шығыстарынан төмен қабылданды, олар да бұрын нақты көрсеткіштерден төмен бекітілген болатын. Бұдан басқа, 2021 жылдан бастап материалдар, ЖЖМ және бөгде ұйымдардың қызметтері бағасының жыл сайын өсуі байқалатындықтан, шығыстар ұлғайды, сондай-ақ көрсетілген кезеңде Түркістанда ғимарат, Өскеменде, Таразда және Семейде жаңа объектілер пайдалануға берілді және Семей, Түркістан, Жезқазған және Талдықорған қалаларында төрт филиал ашылды.

3. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы

Кәсіпорынның уәкілетті органы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштерін бекітпеді.

4. Табиғи монополиялар субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

Кәсіпорынның уәкілетті органы қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекітпеді.

5. Негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер туралы

Кәсіпорынның 2025 жылғы жалпы кірісі 229 180 млн. теңгені құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 7% -ға (немесе 14 731 млн. теңгеге) көп.

2025 жылы негізгі қызметтен түскен кіріс 222 576 млн. теңгені құрады. 2024 жылға қатысты кіріс 26 909 млн. теңгеге өсті. Негізгі қызметтен түсетін кірістің өсуіне аэронавигациялық қызмет көрсетуден түсетін кірістің өсуі әсер етті.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуден түсетін кіріс 2025 жылы 222 217 млн. теңгені құрады, бұл ретте реттелмейтін қызметтен түсетін кіріс 217 155 млн теңгені (98%), ал реттеліп көрсетілетін қызметтен – 5 062 млн теңгені (2%) құрады.

АНҚ-дан түсетін кіріс Кәсіпорынның талданатын кезеңдегі жалпы кірісінде 97% -ды құрайды. 2024 жылға қатысты АНҚ кірісі 26 870 млн. теңгеге өсті. Кірістің өсуі өндірістік көрсеткіштердің өсуімен байланысты.

Кәсіпорынның шығыстары (корпоративтік табыс салығын қоса алғанда) 2025 жылы 154 738 млн. теңгені құрады. 2024 жылға қатысты шығыстар (корпоративтік табыс салығын қоса алғанда) 18% -ға немесе 23 539 млн. теңгеге ұлғайды.

Таза пайда 2025 жылы 74 442 млн. теңгені құрады.

6. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы

Кәсіпорынның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне мыналар жатады:

- халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету;

- халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуесайлақ ауданындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

Реттеліп көрсетілетін қызметтің құрылымына 96% тұрақты ұшулар және 4% тұрақты емес ұшулар кіреді.

Аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің көлемі

Атауы	Өлшем бірлігі	2025 жыл	2024 жыл	Ауытқу
Ұшақ-километрлер	мың км	83 438	77 842	5 596
Ұшақ – ұшып шығулар тоннажы	мың тонна	5 737	5 342	395

Тұтынушыларға 2025 жылы көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі 2024 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткіштермен

салыстырғанда ұшақ-километрлер бойынша 7%-ға және ұшақ-ұшып шығу тоннажы бойынша 7%-ға артқан.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

2025 жылы аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтері Қазақстан Республикасының 171 авиакомпаниясына көрсетілді.

2025 жыл ішінде халықаралық ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуеайлақ ауданында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуге Қазақстан Республикасының авиакомпанияларымен 17 шарт жасалды және қайта жасалды және тарифтердің өзгеруімен байланысты 145 қосымша келісімге қол қойылды.

2025 жылы реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтерінің негізгі тұтынушылары келесі авиакомпаниялар болды:

«FlyArystan» АҚ

«SCAT» авиакомпаниясы» АҚ

«Эйр Астана» АҚ

«Qazaq Air» АҚ

«Comlux-KZ» авиакомпаниясы» ЖШС

«Оңтүстік аспаны» авиакомпаниясы» АҚ

«Prime Aviation» АҚ

ҚР ПІБ «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК

«Қазавиақұтқару» АҚ

«East Wing» АҚ

8. Қызмет перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы

«Қазаэронавигация» РМК республикалық мемлекеттік кәсіпорынның халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне 2026-2030 жылдарға арналған тарифтер мен тарифтік сметаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №6 бұйрығымен 2026 жылғы 01 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша және халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ ауданында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер бекітілді, бұл ретте тарифтер ұлғайтылмай, 2025 жылғы деңгейде белгіленді.

2025 жылдың қорытындылары бойынша «Қазэронавигация» РМК-ның халықаралық ұшуларын жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне бекітілген тарифтік сметаның орыдалуы туралы ақпарат

Есепті кезең: 2025 жыл

Ұсынады: "Қазэронавигация" РМК

Ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей

БСН 130940015918

№ рс	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға ӘК-ге бекітілген тарифтік сметада көзделгені	2025 жылғы ТС нақты қалыптасқан көрсеткіштері (күтілетін деректер)	Ауытқуы, %-бен	Ауытқу себептері
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге	2 133 990	10 653 673	499%	Бекітілген тарифтік сметадағы шығыстар бүгінгі күні нақты қалыптасқан индекскеуден едәуір төмен индекскеуді ескере отырып, 2019 жылғы шығыстар негізінде қабылданған. 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде материалдарға, ЖЖМ, сыртқы ұйымдардың қызметтеріне бағаның жыл сайынғы өсуі байқалады. Сондай-ақ аталған кезеңде Түркістан қаласында ғимарат пайдалануға берілді. 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде Өскемен, Тараз және Семей қалаларында жаңа объектілер пайдалануға берілді, сондай-ақ Семей, Түркістан, Жезқазған, Талдықорған қалаларында 4 жаңа филиал ашылды.
1.	Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер, барлығы		91 868	146 283	159%	
	оның ішінде:					
1.1.	материалдар, қосалқы бөлшектер		10 195	38 124	374%	
1.2.	отын		33 929	45 097	133%	
1.3.	электр энергиясы		47 745	63 063	132%	
2.	Еібекке ақы төлеу шығындары, барлығы		1 166 268	3 666 540	314%	
	оның ішінде:					
2.1.	жалақы		1 061 209	3 209 522	302%	
2.2.	әлеуметтік салық		105 059	457 017	435%	
3.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы		521 651	1 752 890	336%	
4.	Жөндеу, барлығы		17 316	53 732	310%	
	оның ішінде:					
4.1.	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		17 316	53 732	310%	
5.	Өзге шығындар, барлығы		336 887	5 034 229	1494%	
	оның ішінде:					
5.1.	байланыс қызметі		31 227	103 429	331%	
5.2.	иссапар шығыстары		37 207	125 873	338%	
5.3.	кадрларды даярлау		33 926	368 746	1087%	
5.4.	басқа да шығындар		234 527	4 436 180	1892%	
	оның ішінде:					
5.4.1.	жабдыққа техникалық қызмет көрсету		171 754	1 804 849	1051%	
5.4.2.	ғимараттар, құрылыстарды күтіп ұстау		7 633	17 502	229%	
5.4.3.	РГО ұшулары		34 133	186 905	548%	
5.4.4.	ведомстволық күзет шығындары		2 171	42 820	1972%	
5.4.5.	медициналық тексеріс		4 302	5 170	120%	
5.4.6.	еібекті қорғау		3 498	13 724	392%	
5.4.7.	Жалпы шаруашылық шығыстар		11 036	2 365 211	21432%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	тыс. теңге	272 279	673 675	247%	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы		272 279	673 675	247%	
	оның ішінде:					
6.1.	әкімшілік персоналдың жалақысы		181 204	409 278	226%	
6.2.	әлеуметтік салық		17 939	53 652	299%	
6.3.	банк қызметтері		597	794	133%	
6.4.	негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы		18 479	43 602	236%	
6.5.	коммуналдық қызметтер		935	1 505	161%	
6.6.	бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер		1 407	5 461	388%	
	оның ішінде:					
6.6.1.	аудиторлық қызметтер		1 031	3 882	377%	
6.6.2.	ақпараттық қызметтер		376	1 579	420%	
6.7.	салықтар		31 313	83 659	267%	
6.8.	басқа да шығыстар		20 405	75 724	371%	
	оның ішінде:					
6.8.1.	қосалқы бөлшектер, материалдар		909	2 718	299%	
6.8.2.	отын		666	2 858	429%	
6.8.3.	электр энергиясы		876	4 235	483%	
6.8.4.	жөндеу қоры		0	2 129		
6.8.5.	жабдыққа техникалық қызмет көрсету		268	1 509	563%	
6.8.6.	еібекті қорғау		161	497	309%	
6.8.7.	кеңсе шығыстары		1 439	2 326	162%	
6.8.8.	байланыс қызметі		4 411	20 401	463%	
6.8.9.	сақтандыру шығыстары		7 636	17 707	232%	
6.8.10.	жалпы шаруашылық шығыстар		4 039	21 344	528%	
III	Барлық шығыстар		2 406 269	11 327 348	471%	
IV	Барлық кірістер, оның ішінде		2 406 269	3 116 967	130%	
V	Көрсетілген қызметтердің көлемі	ұш/км	70 743 346	83 438 362	118%	

2025 жылдың қорытындылары бойынша «Қазэронавигация» РМК-ның халықаралық ұшуларын жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, зусайлақ ауданында әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтеріне бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат

Есепті кезең: 2025 жыл

Ұсынады: "Қазэронавигация" РМК

Ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей

БСН 130940015918

№ рс	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2025 жылға арналған ӘА-ға бекітілген тарифтік сметада көзделген	2025 жылғы ТС нақты қалыптасқан көрсеткіштері (күтілетін деректер)	Ауытқуы, %-бен	Ауытқу себептері
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	тыс. тенге	1 253 980	5 563 309	444%	Бекітілген тарифтік сметадағы шығыстар бүгінгі күні нақты қалыптасқан индекстеуден едәуір төмен индекстеуді ескере отырып, 2019 жылғы шығыстар негізінде қабылданған. 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде материалдарға, ЖЖМ, сыртқы ұйымдардың қызметтеріне бағаның жыл сайынғы өсуі байқалады. Сондай-ақ аталған кезеңде Түркістан қаласында ғимарат пайдалануға берілді. 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде Өскемен, Тараз және Семей қалаларында жаңа объектілер пайдалануға берілді, сондай-ақ Семей, Түркістан, Жезқазған, Талдықорған қалаларында 4 жаңа филиал ашылды.
	оның ішінде:					
1.	Материалдық шығындар, қосалқы бөлшектер қоры, барлығы		51 401	208 620	406%	
	оның ішінде:					
1.1.	материалдар, қосалқы бөлшектер		4 339	54 114	1247%	
1.2.	отын		13 389	75 011	560%	
1.3.	электр энергиясы		33 673	79 494	236%	
2.	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы		560 705	2 737 239	488%	
	оның ішінде:					
2.1.	жалақы		510 196	2 393 009	469%	
2.2.	әлеуметтік салық		50 509	344 230	682%	
3.	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы		490 563	2 027 609	413%	
4.	Жөндеу, барлығы		20 580	39 449	192%	
	оның ішінде:					
4.1.	негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу		20 580	39 449	192%	
5.	Өзге шығындар, барлығы		130 731	550 392	421%	
	оның ішінде:					
5.1.	байланыс қызметі		4 243	7 713	182%	
5.2.	іссапар шығыстары		25 128	107 859	429%	
5.3.	кадрларды даярлау		1 233	24 516	1988%	
5.4.	басқа да шығындар		100 127	410 304	410%	
	оның ішінде:					
5.4.1.	құралға техникалық қызмет көрсету		77 788	161 638	208%	
5.4.2.	ғимараттар, құрылыстарды қамтамасыз ету		2 579	9 311	361%	
5.4.3.	РТО ұшулары		8 605	12 062	140%	
5.4.6.	ведомстволық күзет шығындары		242	2 763	1142%	
5.4.7.	медициналық тексеріс		4 435	9 803	221%	
5.4.8.	еңбекті қорғау		2 396	21 215	885%	
5.4.9.	Жалпы шаруашылық шығыстар		4 082	193 511	4741%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	тыс. тенге	25 237	96 918	384%	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы		25 237	96 918	384%	
	оның ішінде:					
6.1.	әкімшілік персоналдың жалақысы		9 664	26 412	273%	
6.2.	әлеуметтік салық		956	3 462	362%	
6.3.	банк қызметтері		39	51	131%	
6.4.	негізгі құралдар және материалдық емес активтердің амортизациясы		4 918	4 958	101%	
6.5.	коммуналдық қызметтер		61	97	159%	
6.6.	бөгде ұйымдар көрсететін қызметтер		75	352	470%	
	оның ішінде:					
6.6.1.	аудиторлық қызметтер		54	251	464%	
6.6.2.	ақпараттық қызметтер		21	102	485%	
6.7.	салықтар		7 691	54 990	715%	
6.8.	басқа да шығыстар		1 833	6 595	360%	
	оның ішінде:					
6.8.1.	қосалқы бөлшектер, материалдар		69	308	446%	
6.8.2.	отын		51	333	652%	
6.8.3.	электр энергиясы		139	499	359%	
6.8.4.	жөндеу қоры		0	111		
6.8.5.	құралға техникалық қызмет көрсету		14	176	1260%	
6.8.6.	еңбекті қорғау		9	38	417%	
6.8.7.	кеңсе шығыстары		340	924	272%	
6.8.8.	байланыс қызметі		332	1 317	397%	
6.8.9.	сақтандыру шығыстары		575	1 512	263%	
6.8.10.	жалпы шаруашылық шығыстар		304	1 377	453%	
III	Барлық шығыстар		1 279 216	5 660 227	442%	
IV	Барлық кірістер, оның ішінде		1 279 216	1 944 919	152%	
V	Көрсетілген қызметтердің көлемі	тонна	3 778 819	5 737 225	152%	